ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 19 мамыр №7119-25-00-2/3590 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.К.Джакупов,
сот отырысының хатшысы А.Ерғазының қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
"BusinessPartner" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒА
"Витанова" өндірістік кооперативі

ТАЛАП ҚОЮШЫ ТАЛАБЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі Каримбаев К.Р.;
Жауапкердің өкілі Ахметова А.Б.;
Үшінші тұлғаның өкілі Тимофеев Д.В.;
Прокурор Байзульдинова Р.Т.;
Аудармашы Махамбет А.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ</u>:

"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы

Документ подписан: Джакупов А. К., 26.05.2025
Дата вступления в законную силу: 22.07.2025, судья Джакупов А. К., 14.08.2025
7119-25-3-1/3412

республикалық мемлекеттік кәсіпорны (Тапсырыс беруші) мен "BusinessPartner" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Өнім беруші) арасында жалпы сомасы 67 526 000 теңге 2025 жылғы 14 ақпанда №423 мемлекеттік сатып алу шарт жасалған.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес, өнім беруші тапсырыс берушінің өтініші бойынша реагенттер жиынтығын 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген. 2025 жылғы 19 ақпанда талап қоюшы жауапкерге 12 208 030 теңге сомасына тауарларды жеткізу туралы өтініш жолдаған, сондықтан тауарды жеткізу мерзімі 2025 жылғы 7 наурыз деп белгіленген.

2025 жылғы 8 сәуірде талап қоюшы жауапкердің өз міндеттемелерін орындамағаны негізінде шартты біржақты тәртіпте бұзған.

Шарттың 7.3 бабына сәйкес, жауапкерге 231 952 теңге айыппұл есептелген (12 208 030 теңге * 0,1 % * 19 күн кешігу = 231 952 теңге есеппен).

Талап қоюшының талабы жауапкердің мемлекеттік сатып алу шартындағы өзіне жүктелген міндеттемелерді орындамауына байланысты негізделген. Осыны ескере отырып, соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танып, 231 952 теңге мөлшерінде айыппұл өндіріп алуды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты қолдап, соттан талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі сот отырысында талапты мойындамады, жауапкер келісімшарт міндеттемелерінен жалтаруға ниеттенбегендігін мәлімдеді. Дегенмен, тауарларды жеткізу шарт бойынша тәуелсіз және объективті тосқауылдар себепті жүзеге аспағанын түсіндірді. Нақты айтқанда, Қазақстан Республикасының аумағында реагенттер өндірушісінің жалғыз ресми өкілі – «Витанова» өндірістік кооперативі жауапкерге аталмыш тауарды жеткізуден бас тартқанын. Сонымен қатар, ол ашық дереккөздерден келісімшарт аясындағы тауарларға арналған тіркеу куәліктерінің мерзімі аяқталғаны туралы мәліметтер алынғанын. Осыған байланысты жауапкер шарттық міндеттемелерді орындай алмағанын. Осыны ескере отырып, соттан талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Үшінші тұлғаның өкілі сот отырысында «Витанова» өндірістік кооперативі «Вектор-Бест» АҚ реагенттер өндірушісінің ресми дистрибьюторы екенін сотқа айтты. Сонымен бірге, ол Қазақстан Республикасының аумағында аталмыш компанияның басқа да дистрибьюторлары бар екенін көрсетті. Талап қоюшымен шарт жасалған жағдайда, «Витанова» өндірістік кооперативі қажетті көлемдегі реагенттерді жеткізе алатын мүмкіндігі болғанын көрсетті.

Прокурор талап ішінара қанағаттандыруға жататындығы туралы жазбаша қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

Документ подписан: Джакупов А. К., 26.05.2025
Дата вступления в законную силу: 22.07.2025, судья Джакупов А. К., 14.08.2025
7119-25-3-1/3412

№1 талап бойынша.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1), 3) және 4) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады (Заңның 8 бабының 5 тармағы).

Сот отырысында жауапкер мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өзіне жүктелген міндеттемелерді орындамағаны нақты анықталды.

Іс бойынша анықталған жағдайлар өнім берушінің шарт талаптарын орындамауын сыни түрде бағалауға негіз береді, бұл оның жосықсыз екенін анық көрсетеді. Тараптың кінәсін жоққа шығаратын негіздер іс қаралу барысында анықталмаған және өнім беруші тарапынан ұсынылмаған.

Жауапкердің шарт талаптарын бұзуының нәтижесінде тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдарлары айқын көрінеді, себебі талап қоюшы шарт жасау кезде күткен нәрсеге ие болмаған, оның салдары осы қызмет бойынша жаңа сатып алуды ұйымдастыру үшін, сондай-ақ осы талап қоюды сотқа беру және оған рұқсат беру үшін материалдық және адам ресурстарын бұру қажеттілігі болып табылады.

Осыған байланысты, сот іс бойынша өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануға мүмкіндік беретін аспектілердің қажетті жиынтығы анықталды деген қорытындыға келеді

Талапты қанағаттандыра отырып, сот шарттың өзіне жүктелген міндеттемелердің орындалмауына байланысты бұзылғаны туралы негіздер жауапкермен дауланбағанын назарға алады. Демек, жауапкер Шартты бұзудың көрсетілген негіздерімен келіскен.

Жауапкер өкілінің тауарларды жеткізу шарт шеңберінде тауарларға тіркеу куәліктерінің мерзімдерінің өтуі себебінен жүргізілмегені туралы дәлелдерін келесі себептерге байланысты негізді деп қабылдай алмайды.

Сот анықтағандай, тапсырыс берушінің өтінімінде көрсетілген елу реактив атауының ішінен тек үшеуінің ғана тіркеу куәлігі болмаған. Алайда, жауапкер талап қоюшыға бірде-бір тауар бірлігін жеткізбеген.

Осылайша, жауапкер іс жүзінде шарт бойынша міндеттемелерін орындауға кіріспеген.

Жауапкер өкілінің реагенттер өндірушісінің Қазақстан Республикасы аумағындағы ресми өкілі «Витанова» өндірістік кооперативі көрсетілген тауарды жеткізуден бас тартты деген уәждеріне сот сыни көзқараспен қарайды. Себебі, бұл тауардың болуы туралы ақпаратты Тапсырыс берушімен шарт жасасқанға дейін алу керек болатын.

Аталған жағдайда көрсетілген мән-жайлар жауапкердің кәсіпкерлік тәуекелі болып табылады.

Документ подписан: Джакупов А. К., 26.05.2025
Дата вступления в законную силу: 22.07.2025, судья Джакупов А. К., 14.08.2025
7119-25-3-1/3412

№2 талап бойынша.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарт талаптарының бұзылуына байланысты талап қоюшымен 231 952 теңге мөлшерінде айыппұл өндіріп алуды жөнінде талап қойылды.

Сот анықтағандай, жауапкер 231 952 теңге мөлшерінде айыппұлды және 6 958 теңге мемлекеттік баж салығын төлеуге байланысты сот шығыстарын ерікті түрде төлеген.

Бұл жағдай іс материалдарында 2025 жылғы 15 сәуірдегі №100 және №101 төлем тапсырмаларымен расталады.

Осыған байланысты тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап бас тартуға жатады.

АПК-нің 117-бабының талаптарына сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына 1966 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндіріліп алынады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "BusinessPartner" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қойған мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою ішінара қанағаттандырылсын.

"BusinessPartner" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

"BusinessPartner" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "BusinessPartner" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қойған тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою – қанағаттандырудан бас тартылсын.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері

Документ подписан: Джакупов А. К., 26.05.2025
Дата вступления в законную силу: 22.07.2025, судья Джакупов А. К., 14.08.2025
7119-25-3-1/3412

жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Джакупов А.К.**

Документ подписан: Джакупов А. К., 26.05.2025

Дата вступления в законную силу: 22.07.2025, судья Джакупов А. К., 14.08.2025

7119-25-3-1/3412